2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі есеп беретін Балабақша басшысының немесе өзге тұлғаның (органның) қарауына өз құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасау;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасау;

4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және өз құзыреті шегінде оларды іске асыруға қатысу;

5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша кеңестер ұйымдастыру және өткізу;

6) Балабақшаның және оның үлестес тұлғалары ақпаратының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтау;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген тұлғалардың сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселесі бойынша өзге ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша құпиялылығын қамтамасыз ету;

8) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі есеп беретін Балабақша басшысын және/немесе өзге де тұлғаларды (органды) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігне байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар ету;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыру.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметте ақпарат беру арнасы құрылды,сенім телефоны 8(713)45-22-3-62 , бұл бойынша азаматтар Балабақшада сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы ақпаратты хабарлай алады не сыбайласжемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс – шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізе алады.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мүшесі мүдделер қақтығысына (қаржылық, мүліктік, туыстық немесе өткізілетін іс шара шеңберінде қандай да бір өзге мүдделіктің болуы) әкеп соғуы мүмкін іс-шараларға (тексерулерге, қызметтік тергеулерге және тб.) қатыспауы тиіс.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрамы Балабақша қызметкерлерін жұмыска қабылданған сәттен бастап, басқа лауазымға тағайындалған кезде, сондай-ақ біліктілігін арттырған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына жүйелі түрде оқытуды қамтамасыз етуі керек (жылына кемінде 1 рет).

16.Оқыту нысандарын өткізу әдістерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет дербес айқындайды (дәрістер, семинарлар, тренингтер).

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес Балабақшаның ішкі құжаттарында белгіленеді.

18.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерге әдістемелік және ақпараттық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді

## 5. Қорытынды ережелер

20. Осы ереже, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Балабақша басшысының бұйрығымен бекітіледі және ол бекітілген күннен бастап күшіне енеді.